

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі



Бекітемін:

Мектеп директоры:

А.Камбарова

Мектепалды даярлық тобы.

**Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс
жоспары**

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Тәрбиешімен ата – ана арасындағы қарым – қатынасты күшейте отырып , отбасында балаға ата – ананның ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата – ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата – аналармен тығыз байланыста болу .

P/c	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	1. Жалпы ата – аналар жиналысы «Бала біздің – болашағымыз!» (Баяндама)	Қыркүйек	Топ тәрбиешісі: Ж.Жузеева
2	1. Тәуелсіз – ел тірегім! 2.«Төрле, төрле, Жана жыл!» Ашық есік күнін ұйымдастыру	Желтоқсан	Топ тәрбиешісі: Ж.Жузеева
3	1. «8-наурыз, Аналар мерекесі» Ашық есік күні 1. «Сіз қандай ата-анасыз?» (Сауалнама)	Наурыз	Топ тәрбиешісі: Ж.Жузеева.
4	1. «Біз біргеміз – берік іргеміз!» (Тренинг)	Мамыр	Топ тәрбиешісі: Ж.Жузеева

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі

МАД «А» тобында өткізілген ата-аналар жиналысының

Хаттамасы №1

/Күні, айы, жылы, уақыты/ 18-қыркүйек, 2023 жыл сағат -14.00де

Кімдер қатысты: тәрбиеші, ата-аналар

Тақырыбы: «Сәлеметсің бе, сүйікті мектебім!»

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жаңа оқу жылының жоспарымен және күн тәртібімен таныстыру»

2. Ата –аналар комитетін сайлау.

3.Сауалнамалық жұмыс: «Кел танысайық»

Ата- аналар жиналысына 21-баланың ата- анасы қатысты. Жиналыстың тақырыбы :«Сәлеметсің бе,сүйікті мектебім! »

Тәрбиеші :Жузеева Жанар ата-аналарға өзін таныстырды. Балалармен «Үлгілік оқу » бағдарламасымен жұмыс істейтіндерін және бағдарламаға сай сабақ кестесімен таныстырды.

Тәрбиешілік өз міндеттерін, мақсаттарын, жауапкершіліктерін айтты.

Балалардың денсаулығына,тазалығына көңіл бөлуді өтінді.Күнделікті таза киім киіндіру,шаштарын тарау,тырнақтарын уақтылы алу керектігін,мектепке ауырған балаларды дәрігер анықтамасынан кейін әкелетінін,ауырса дәрігерге қаралу керектігін ескертті. Балаларды мектепке өз уақытында кешіктірмей әкеліп алып кетуін айтты

Ата- анамен тәрбиеші арасында жақсы қарым- қатынас болу керектігі жайында сөз қозғалды. Жиналыс барысында ата –аналар комитеті сайланды .

Ата- аналар комитеті .

Төрайымы болып :Айымбетова Атиркул .

Мүшелері:Парымбетова Гулнур.

Урунбекова Зульфия

«Кел танысайык» тренингін өткізілді . Ата-аналар шеңберге тұрып өздерін таныстырды.Өз есімдерінің бас әріпінен келетін жақсы қасиеттерін айтып шықты. Мысалы:Бибінұр биязымын деген сияқты.Өте қызықты болды. Ата-аналар жақсы әсер алды Ата- аналардан алдарындағы түрлі – түсті қағаздарға жиналыстан алған әсерлері болмаса ұсыныстар немесе жиналысты бағалауларын жазып қалдыруларын өтінді.

Шешімі: Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімен таныстырылды. Тәрбиенің түп нұсқасы отбасында екені анық айтылды. Әдепті, тәртіпті, білімді балалар тәрбиелеуге ат салысу. Ата- аналар мүшесін, ата- аналар өздері бірігіп бір шешімге келе отырып, ақылдасып шешім қабылдады. Ата-аналар мүшесі қандай бағытта жұмыс істейтіндері жөнінде толықтай таныстырылды. Комитет мүшелерімен тығыз байланыста болу керектігі айтылды. Балаларды мектепке таза әкелу,денсаулыққа көңіл бөлу керектігін ескертілді. Балабақша ережесімен таныстырылды, ата-аналар сұрақтарына қанағаттанарлықтай жауап алды. Келісім шартпен танысып, барлығы келісілді.

Оқу-ісінің меңгерушісі:

М.Сакибекова

Тәрбиеші:

Ж.Жузеева

18.09.2023 оқу жылы.

«№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі»

МАД«А» тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №2

/Күні, айы, жылы, уақыты: 18.12. 2024 жыл сағат -13.00де

Кімдер қатысты: тәрбиеші, ата-аналар

Тақырыбы: «Төрле, төрле, Жаңа жыл!»

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны: 3

Себепті: 1

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.
2. Баяндама оқу «Дидактикалық ойын –Баланың ақыл –ойын дамыту құралы»
3. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі: Жузеева Ж жаңа жылдық ертеңгілікке, балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Сонымен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға бейлейтін номерлері бар екенін, оларға арнайы киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.


Топ тәрбиешісі Жузеева Ж балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып қатысамыз деп шешті

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Жузеева Ж «Дидактикалық ойын – Баланың ақыл –ойын дамыту құралы» туралы баяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылығын білдірді.

Үшінші мәселе бойынша Жузеева Ж балалардың тазалығы, денсаулығы туралы айтып өтт

Қаулы:

1. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдері мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
2. Баяндаманы Жузеева Ж оқыды. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.

Оқу ісінің меңгерушісі:  М.Сакибекова

Тәрбиеші:  Ж.Жузеева

18.12.2023 жыл

№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі

МАД тобында өткізілген ата-аналар жиналысының

Хаттамасы №3

/Күні,айы,жылы,уақыты/ 06 наурыз 2023 жыл сағат -13.00де

Кімдер қатысты: тәрбиеші, ата-аналар

Тақырыбы: «8-наурыз, Аналар мерекесі. Ана-өмірдің гүлі»

Қатысқаны:16

Қатыспағаны:4

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Ана-өмірдің гүлі атты ертеңгілігі».
- 2.Сауалнамалық жұмыс,»Кел билейік» тренингі :

Ата- аналар жиналысына 16-баланың ата- анасы қатысты. Жиналыстың тақырыбы :«8-наурыз ,Аналар мерекесі »

Тәрбиеші :Жузеева Жанар ата-аналарға өзінің құттықтауын,ізгі тілектерін білдірді.Аналар балалардың өнерлерін тамашалады .

Аналар да бір-біріне деген жылы лебіздерін,құттықтауларын білдірді.

Тыңдалды :

Тәрбиеші Жузеева Жанар балалардың денсаулығына,тазалығына көңіл бөлуді өтінді.Күнделікті таза киім киіндіру,шаштарын тарау,тырнақтарын уақтылы алу керектігін,мектепке ауырған балаларды дәрігер анықтамасынан кейін әкелетінін,ауырса дәрігерге қаралу керектігін ескертті. Балаларды мектепке өз уақытында кешіктірмей әкеліп алып кетуін айтты

2. Аналарға сауалнама берілді. Және де түрлі жағдаяттық сұрақтар қойылды.

Аналармен « Кел билейік »би тренингі ұйымдастырылды. Аналар өте белсенді қатысты.

Қаулы.


1. Ата-аналар балаларды өз уақытында мектепке кешіктірмей әкеліп-әкетілсін. Балалардың тазалығына көңіл бөлсін.
2. Ата-аналар ертеңгіліктің жоғары дәрежеде ұйымдастырылғанын айтты.

Оқу ісінің меңгерушісі:



М.Сакибекова

Тәрбиеші:



Ж.Жузеева

06.03.2023 жыл